



"Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты ұйымдастыру" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 753 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 18 қарашада № 8911 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 25 ақпандағы № 224 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 25.02.2016 № 224 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138 -5-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты ұйымдастыру» кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Кадр және әкімшілік жұмыс департаменті (Е.Е. Хасенов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, бұқаралық ақпараттар құралдарында ресми жариялануын, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік органдарының интранет-порталында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрі

А. Жұмағалиев

« К Е Л І С І Л Д І »

**Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік**

2013 жылғы 11 қазан

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Көлік және коммуникация министрінің

2013 жылғы 26 қыркүйектегі

№ 753 бұйрығымен бекітілген

«Темір жол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» кәсіптік стандарты**1. Жалпы ережелер**

1. Кәсіби стандарт (бұдан әрі - КС):
еңбек нарығының қазіргі заман қажеттілігіне жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға, кәсіби қызметтің мазмұнына бірыңғай талаптарды анықтауға;

қызметкерлерді басқару саласында кең шеңбердегі міндеттерді шешуге;
білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, сонымен қатар тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;
кәсіби даярлықтарын бағалауды жүргізуге және мамандардың біліктілік сәйкестігін растауға арналған;

2. Кәсіби стандарттардың негізгі қолданушылары:
білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;
ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, ұйымдардың қызметкерлерді басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;
білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;
кәсіптік даярлықтарын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. Кәсіби стандарттардың негізінде қызметтің, лауазымның, біліктілікті арттырудың, қызметкерлерді аттестаттаудың, еңбекті ынталандыру жүйесінің және т.б. функционалдық модельдеріне қатысты ішкі, корпоративтік стандарттары әзірленуі мүмкін.

4. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір қызмет түрі шеңберінде еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болуы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметінің стандарттан басқа болуы, жауапкершілігі және дербестігі бойынша сараланатын қызметкерлер құзыреттілігіне қатысты талаптар жиынтығы;

- 3) еңбек қызметінің түрі – кәсіптік қызметтің негізгі және қосалқы функцияларды іске асыруды көздейтін құрамдас бөлігі;
- 4) еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;
- 5) еңбек мәні - белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;
- 6) еңбек құралы – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;
- 7) жұмыс (кәсіп) тобы – жұмыстың ұқсас түрлерін біріктіретін кәсіби жұмыстар саласы;
- 8) кәсіптік қызмет саласы – біріккен ортақ негізі бар және оларды орындау үшін ұқсас құзыреттер жинағы бар сала қызметі түрлерінің жиынтығы негізгі және қосалқы функцияларды іске асыруды көздейтін сала қызметінің бір бөлігі;
- 9) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;
- 10) кәсіптік стандарт бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын кәсіптік стандарттың құрылымдық элементі;
- 11) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қабілеті;
- 12) лауазым – ұйымның ұйымдастырушылық-әкімшілік жүйесіндегі функционалды орын;
- 13) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;
- 14) сала - бір типті өнім құруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;
- 15) салалық біліктілік шеңбері – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;
- 16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;
- 17) функционалды карта – әр түрлі кәсіптік қызметтер саласында немесе шеңберінде белгіленген, қызметкер орындайтын қызмет түрлерінің, атқарымдары мен міндеттерінің құрылымданған сипаттамасы.

5. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

- К Қ – кәсіптік қызмет;
 Қ Т – қызмет түрі;
 К С – кәсіби стандарт;

ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері;

СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;

БТБА – Жұмыс және жұмысшылар кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы ;

ҚР МЖ 01-99 – «Қызметтердің жіктеуіші» 01-99 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші ;

ҰБС - Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілері лауазымдарының Үлгілік біліктілік сипаттамалары; Ф – функциялар ;

М – Міндеттер.

2. Кәсіби стандарттың паспорты

6. Экономикалық қызметтің түрі (кәсіптік қызмет саласы): Темір жол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару.

7. Экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты : тасымалдарды ұйымдастыру және көліктегі қозғалысты басқару.

Кәсіби стандарт «Темір жол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» кәсіптік қызмет саласында еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына, қызметкердің біліктілігі мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды айқындайды .

8. Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшасында көрсетілді .

Стандарт талаптары осы саланың мынадай қызмет түрлері мен кәсіптеріне қатысты қолданылады: пойыз құрастырушысы (пойыз құрастырушысының көмекшісі, пойыз құрастырушысы), станциялық орталықтандыру бекетінің кезекшісі, темір жол станциясының кезекшісі, жолды бұру бекетінің кезекшісі.

3. Еңбек қызмет түрлерінің (кәсіп) карточкаласы

Параграф 1. Пойыз құрастырушысы (пойыз құрастырушысының көмекшісі)

9. СБШ – 2, 3 бойынша біліктілік деңгейі.

10. Мүмкін болатын лауазым атауы: пойыз құрастырушысы (пойыз құрастырушысының көмекшісі).

11. «Пойыз құрастырушысы (пойыз құрастырушысының көмекшісі)» кәсібі субъектіні маневрлік жұмыстарды атқару сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілді.

12. Пойыз құрастырушысының (пойыз құрастырушысының көмекшісіне) еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілді.

13. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 2-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілді.

14. Пойыз құрастырушысы (пойыз құрастырушысының көмекшісі) орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілді.

15. Пойыз құрастырушысының (пойыз құрастырушысының көмекшісіне) құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5 және 6-кестелерінде көрсетілді.

Параграф 2. Станциялық орталықтандыру бекетінің кезекшісі

16. СБШ – 4 бойынша біліктілік деңгейі.

17. Мүмкін болатын лауазым атауы: станциялық орталықтандыру бекетінің кезекшісі, темір жол станциясының кезекшісі.

18. «Станциялық орталықтандыру бекетінің кезекшісі, темір жол станциясының кезекшісі» кәсібі субъектіні бекітілген аудан шегіндегі станцияларда пойыз қозғалысын ұйымдастыру және маневрлік жұмыстарды орындау, қолданыстағы нұсқауларды, нұсқаулықтарды, ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтарды орындай отырып басқару негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілді.

19. Станциялық орталықтандыру бекетінің кезекшісінің, темір жол станциясының кезекшісінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілді.

20. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 3-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілді.

21. Станциялық орталықтандыру бекетінің кезекшісінің, темір жол станциясының кезекшісінің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 3-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілді.

22. Станциялық орталықтандыру бекетінің кезекшісінің, темір жол станциясының кезекшісінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілді.

Параграф 3. Темір жол станциясының кезекшісі

23. СБШ – 4 бойынша біліктілік деңгейі.

24. Мүмкін болатын лауазым атауы: темір жол станциясының кезекшісі.

25. «Темір жол станциясының кезекшісі» кәсібі субъектіні бекітілген аудан шегіндегі станцияларда пойыз қозғалысын ұйымдастыру және маневрлік жұмыстарды орындау, қолданыстағы нұсқауларды, нұсқаулықтарды, ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтарды орындай отырып басқару негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға м і н д е т т е й д і .

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 4-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілді.

26. Темір жол станциясының кезекшісінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 2-кестесінде к ө р с е т і л д і .

27. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 4-қосымшасының 3-кестесінде к ө р с е т і л д і .

28. Темір жол станциясының кезекшісінің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 4-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілді.

29. Темір жол станциясының кезекшісінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілді.

Параграф 4. Жолды бұру бекетінің кезекшісі

30. СБШ – 4 бойынша біліктілік деңгейі.

31. Мүмкін болатын лауазым атауы: жолды бұру бекетінің кезекшісі.

32. Жолды бұру бекетінің кезекшісі» кәсібі субъектіні бекітілген аудан шегіндегі станцияларда пойыз қозғалысын ұйымдастыру және маневрлік жұмыстарды орындау, қолданыстағы нұсқауларды, нұсқаулықтарды, ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтарды орындай отырып басқару негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға м і н д е т т е й д і .

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілді.

33. Жолды бұру бекетінің кезекшісінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 2-кестесінде к ө р с е т і л д і .

34. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 5-қосымшасының 3-

кестесінде

көрсетілді.

35. жолды бұру бекетінің кезекшісінің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 5-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілді.

36. Жолды бұру бекетінің кезекшісінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілді.

Темір жол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару кәсіби стандартына

1-қосымша

1-Кесте. Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

Реттік №	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының бағыттары ескерілген кәсіп атауы	01-2005 ҚР МС сәйкес кәсіп атауы	СБШ сәйкес біліктілік деңгейі
1	Темір жол көлігінде маневрлік жұмыс істеу	Пойыз құрастырушысы көмекшісі	Пойыз құрастырушысы	2
		Пойыз құрастырушысы		3
2	Жеке бір бекет аумағында пойыз қозғалысын ұйымдастыру	станциялық орталықтандыру бекетінің кезекшісі	станциялық орталықтандыру бекетінің кезекшісі	4
3	Жеке бір бекет аумағында пойыз қозғалысын ұйымдастыру	темір жол станциясының кезекшісі	темір жол станциясының кезекшісі	4
4	Пойыз қозғалысын ұйымдастыру, маневрлік жұмыстарға қатысу	жолды бұру бекетінің кезекшісі	жолды бұру бекетінің кезекшісі	2

Темір жол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару кәсіби стандартына

2-қосымша

1-Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

«Қызметтердің жіктеуіші» 01-99 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші (ҚР МЖ 01-99)	
Базалық топ	7511
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	52-шығарылым, «Темір жол көлігі және метрополитен» бөлімі
БТБА бойынша кәсіп	Пойыз құрастырушысының көмекшісі Пойыз құрастырушысы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары

2	2-6	-
3	-	3-5

2-Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Темір жол станциясы және кіріс жолдар, өнеркәсіптің темір жол	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Қозғалыстағы жылжымалы құрам, көлік құралдарының механизмдері; жұмыс орнының жер бетінен биіктігі; орналасуы; жоғары шу деңгейі; жоғары вибрация деңгейі; жұмыс аймағының өте шаң-тозаңды болуы және ауаның газдануы; жұмыс аймағы ауасының жоғары немесе төмен температурасы; ауаның шамадан тыс ылғалдығы және қозғалмалылығы; электр өрісін жоғары кернеулілігі; статикалық электр қуатының жоғары деңгейі; тәуліктің қараңғы кезіндегі жұмыс аймағының жеткіліксіз жарықтандырылуы; физикалық артық жүктеме; пойыз қозғалысы кезінде темір жолдарда жұмыстарды орындау барысындағы жүйке-психикалық жүктемелер; қауырт және ауыр еңбек.	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше шарты	Жұмысқа қабылданатын ең төменгі жас мөлшері: 1 ж а с . Ер адам істейтін жұмыс, себебі төзімділікті, күшденсаулықты, дене күшін талап ете Медициналық шектеулер: Қазақстан Республикасының заңдары бойынша Жұмысқа рұқсат беру: дәрігерлік куәландырудан өткіріспе және алғашқы нұсқамадан өту, оқу және сынақ тапсыру, сынақ мерзімінен өткізілуі Жұмыс тәртібі: дала Еңбек және демалыс тәртібі: сағат 9-дан 21-ге дейі күндізгі ауысымда, одан кейін сағат 21-ден 9-ға дейі түнгі ауысымда және 48 сағат демалыс	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білімі және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
2	Жалпы орта немесе кәсіптік-техникалық білім. Тікелей өндірісте кәсіптік даярлау немесе оқыту орталығы базасындағы немесе арнайы ұйымдастырылған қысқа мерзімді курстар немесе жұмыс орнында оқыту, жетекшінің нұсқама беруі	Талап етілмейді
3	Жалпы орта немесе кәсіптік-техникалық білім. Тікелей өндірісте кәсіптік даярлау немесе оқыту орталығы базасындағы немесе арнайы ұйымдастырылған қысқа мерзімді курстар немесе жұмыс орнында оқыту, жетекшінің нұсқама беруі	Талап етілмейді

3-Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктері тізімі (кәсіптің еңбек функциялары)

--	--	--

Еңбек функциясының №	Еңбек (кәсіби стандарттың бірлігі)	функциясының атау
1	Маневрлік жұмыстарға даярлық	
2	Маневрлік жұмыстарды атқару	
3	Қозғалыс қауіпсіздігін, тасымалданатын жүктердің және еңбек қорғау талаптарының сақталуы қамтамасыз ету	

4-Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (функционалдық карта)

Еңбек функцияларының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Жылжымалы құрам, сұрыптау төбешігі, жанама жолдар, жолды бұру тетігі, сигнал беру, орталықтандыру және блокадалау құрылғылары, теміржолдар, сонымен бірге кірме жолдар	Маневрлік локомотив, радиостанция, шам, ысқырық, жалаушалар, тежегіш башмақтар, вагондардың тіркеуін ағытуға арналған вилка, дауыс зорайтқыш байланыс жүйесі, телефон байланыс құралдары	1-1) Кезекшілікті қабылдап алу Маневрлік жұмыстарға тапсырма а 1-2) Маневрге қатысушы барлы қызметкерлерді маневрлік жұмыстарды орындау жоспарымен және тәсілдерімен таныстыру. Маневрге қатысушыларды орналастыру
2	Жылжымалы құрам, сұрыптау төбешігі, жанама жолдар, жолды бұру тетігі, сигнал беру, орталықтандыру және блокадалау құрылғылары, теміржолдар, сонымен бірге кірме жолдар	Маневрлік локомотив, радиостанция, шам, ысқырық, жалаушалар, дауыс зорайтқыш байланыс жүйесі	2-1) Вагон құрамдары мен топтарь құрастыру-ажырату 2-2) Вагондарды тиеу-түсіру жән басқа мамандандырылған жолдарі кіргізу
3	Жылжымалы құрам, сұрыптау төбешігі, жанама жолдар, жолды бұру тетігі, сигнал беру, орталықтандыру және блокадалау құрылғылары, теміржолдар, сонымен бірге кірме жолдар	Радиостанция, шам, ысқырық, жалаушалар, тежегіш башмақтар, вагондардың тіркеуін ағытуға арналған вилка, дауыс зорайтқыш байланыс жүйесі, телефон байланыс құралдары	3-1) Маневрлік жұмыстардың орындалғаны туралы есеп беру Кезекшілікті өткізу.

5-Кесте. СБШ 2-деңгейі пойыз құрастырушысы көмекшісінің құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің шифры	Жеке және кәсіптік құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
			Станцияның техникалық-басқарушн актiсi, технологиялық үдерiс, пойь құрастырушысының жұмысына қатыст басқа нұсқаулықтар мен ережелер Пойыз құрастырушысының лауазымдық нұсқаулығы. Пойыз құрастырушысының құқықтары, міндеттері және жауаптылығы. Станция жұмысын оперативтік басқа және бағыныштылық сызбасы. Жұми

1-1)	Темір жол станциясындағы маневрлік жұмыстарға даярлықтың орындалуына шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Қызмет жасайтын маневрлік ауданды білу және командалар мен тапсырмаларды нақты түсіну, техникалық құжаттаманы толтыру, қатаң есептегі мүлікті тексеру, жылжымалы құрамның бекітілуін бақылау	орны, арнайы киім, мүлік. Жеке гигиена талаптары. Хабарландыру жабдықтар құралдары және аспаптарының дұрыс жұмыс істеуін тексеру. Тапсырма вагондарды жолға кіргізу наряды Станцияларда, жанама жолдарда маневрлік жұмыстарды орындауды негізгі тәсілдері. Станция паркінде жұмыстардың өзара әрекеттестігі Келіссөздер регламенті. Радиостанция және сигнал беру құралдарын пайдалану ережесі. Тежегіш құралдардың құрылыс және оларды пайдалану, бекіту нормасы мен тәртібі Жолды бұру тетігінің және ажыратқыш тұйықтың құрылысы, жылжымалы құрамды жол шекарасына орналастыру және оларды бекіту тәртібі
	Қатаң есептегі мүлікті дайындауда шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Радиостанцияны және сигнал беру құралдарын таза және жұмысқа жарамды күйде ұстау	Радиостанциялар мен сигнал беру құралдарын пайдалану ережесі
			Қозғалысты және жүк тасымалдауды ұйымдастырудың негізгі ережесі Станция жұмысын оперативтік басқару және бағыныштылық сызбасы Станция паркіндегі жұмыстардың және сұрыптау құрылғыларының өзара әрекеттестігі. Маневрлік жұмыстарды басқару. Келіссөздер регламенті. Станцияларда, жанама жолдарда, жолаушылар алуларында, тиеу-түсіру фронттарындағы маневрлік жұмыстар Вагон таразыларындағы маневрлік жұмыстар. Қалпына келтіруші және өндірісші пойыздармен маневрлік жұмысты орындау. Ауқымы кіші

1-2)	<p>Темір жол станциясындағы маневрлік жұмыстарға даярлықтың орындалуына шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет</p>	<p>Дұрыс орналастыруды және маневрлік жұмыстарға қатысушы қызметкерлердің әрекеттерінің үйлесімділігін қамтамасыз ету</p>	<p>орындардағы маневрлік жұмыстар Вагондарды кіргізу уақытының нормасы. Жүк қабылдаушылармен және жүк жөнелтішілермен жасалған шарттарда белгіленген жүк операцияларын орындау. Жергілікті бөлектенген вагон және оның нормативтерінің орындалуына жауаптылық. Жүкті вагонға тиеу және біржакты тиеуді және жүк көтерімділігінен артық тиеуді көзбе шолып анықтау. Қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде вагон кузовына (қазан) соғылатын белгі. Жүктерді аш жылжымалы құраммен тасымалдау. Ауқымы кіші жүктерді тасымалдау. Жүк ауқымының кішілік мөлшері Темір жол бойындағы жалпы қауіпсіздік шаралары. Құрастыру бригадаларында істелетін жұмыстардың алдыңғы қатарлы әдістері мен амалдары. Пойыздарды, вагондарды құрамдарды, кедергі келтіретін орындарды қоршау ережесі.</p>
	<p>Локомотивті пайдалану бойынша қойылған</p>		<p>Қазақстан Республикасындағы темір жолдарды техникалық пайдалану ережесі, Қазақстан Республикасында темір жолдарда сигнал беру жөнінде нұсқаулық, Қазақстан Республикасындағы темір жолдардағы пойыз қозғалысы және маневрлік жұмыстар жөніндегі нұсқаулық, лауазымдық нұсқаулықтар, Станцияның техникалық-басқарушы актісі және оның қосымшасы және пойыз құрастырушысының жұмысына қатысты басқа нұсқаулықтар мен ережелер. Станциялардағы қозғалысты ұйымдастыру, маневрлік аудандар маневрлік локомотив ерекшеліктер жолдардың мамандандырылуы және</p>

2-1)	міндеттердің орындалуына жауапкершілікті, өз еркімен жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Маневрлік локомотивтың қозғалысын басқару	сыйымдылығы, жолдар мен стрелкаларды нөмірлеу тәртібі. Станция кезекшісімен өзара әрекеттестік. Негізгі маневр түрлер Маневрлерді орындау ережесі. Жолаушылар пойыздарымен маневр жұмыстарды орындау ерекшеліктер Келіссөздер регламенті. Маневрле кезіндегі жылдамдық. Темір жолды негізгі элементтері. Жолдың жоспар және пішіні. Жылжымалы құрам мен вагондардың жақындау ауқымы және құрылысы туралы ұғым. Жол осьте арасындағы ара қашықтық. Сигнал беру және байланыс жасау құрылысы мен құрылғысы. Апаттық және стандартты емес жағдайлардағы әрекеттер. Маневрлік операцияларды орындау уақытын нормалау. «Бір жақты құрастырушы жұмысының ерекшеліктері
	Вагондарды тіркеу-ажыратудың орындалуына жауапкершілікті, өз еркімен жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Вагондарды пойызға тіркеу-ажырату	Пойыздар жөнелетін, тоқтайтын және қатынайтын жолдарда пойыздарды қабылдау, қызмет жасау және тапсыр тәртібі. Дыбыстық және қол сигналдарын пайдалану, жылжымал радиостанцияны қолдану. Келіссөздер регламенті. Вагондарды тіркеу-ажырату тәртібі. Автотіркеу құрылғысы. Вагонның тежегіш құрылғысы. Ерекше жағдайды талап ететін вагондармен маневрлер орындалуы. Вагондарды маневрлер кезінде бекітілуі.
	Орталықтандырылмаған стрелкаларды ажырату кезінде қойылған міндеттердің орындалуына жауапкершілікті, өз еркімен жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Жолды бұру бекетінің кезекшілері қызмет жасамайтын орталықтандырылмаған стрелкаларға маневр жасау кезінде ажырату	Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған стрелкалар құрылысы және қауіпсіз пайдалану талабы. Орталықтандырылмаған стрелкаларды ажырату тәртібі. Жоспар пішін, мамандандыру және жолдарды сыйымдылығы
	Автоматты тежегіштерді сынақтан өткізуге қатысуға жауапкершілікті, өз еркімен жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Пойыздың автоматты тежегіштерін сынақтан өткізуге қатысу	Вагонның тежегіш құрылғысы. Автоматты тежегіштерді сынақтан өткізу тәртібі.
	Жылжымалы құрамды бекіту бойынша қатаң есептегі		Станцияның техникалық-басқарушы әкімі. Жергілікті нұсқаулықтар. Жолдарды қоршау және вагондарды

	<p>мүлікпен жұмыс істеу кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет</p>	<p>Жолда тұрған құрамдар мен вагондарды тежегіш башмақтармен бекіту және қоршау және оларды вагон астынан алып тастау</p>	<p>тежегіш башмақтармен бекіту. Вагондар мен құрамдарды бекіту арналған тежегіштердің және аспаптардың құрылысы және оларды пайдалану, жолдардың жоспары және пішіні. Жылжымалы құрамды тежегіш башмақтармен бекіту нормасы мен ережесі, башмақтарды сақтау орны және оларды ұстау.</p>
2-2)	<p>Вагондарды кіргізу-жинау бойынша қойылған міндеттердің орындалуына жауапкершілікті, өз еркімен жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет</p>	<p>Вагондарды тиеу-түсіру және басқа да мамандандырылған жолдарға кіргізу және оларды ол жолдардан алу</p>	<p>Станцияда жергілікті вагондармен жұмыс істеу технологиясы. Жергілік нұсқаулық, қызмет көрсетілетін аудандағы тиеу-түсіру бекеттерінің орналасуы. Вагондар мен контейнерлердің құрылысы туралы жалпы мәлімет. Вагондардың шартты ұзындығы. Қозғалыс қауіпсіздігін қауіп төндіретін вагондардың негізгі ақаулары. Тиеу-түсіру фронттары бойынша вагондарды іріктеу. Вагондарды фронттары бойынша кіргізу және орналастыру, вагондарды қайта орналастыру (қосарлы операцияларды орындау кезінде). Жұмыс операциялары аяқталғаннан кейін вагондарды жинау. Жүк фронттарындағы және жөндеу жолдарындағы маневрлер. Ауқымды кіші орындардағы жұмыс ерекшелігі. Дыбыстық және қол сигналдары пайдалану, жылжымалы радиостанцияны қолдану. Келіссөздер регламенті. Учаскелерде жергілікті жұмыстарды ұйымдастыру. Аралық станциялардағы құрастырушы бригаданың жұмыс ерекшеліктері.</p>
	<p>Жылжымалы құрамды қайта орналастыру және оларды басқа станцияға жіберу бойынша қойылған міндеттердің орындалуына шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет</p>	<p>Вагондар мен құрамдарды бір жолдан екінші жолға қайта орналастыру, оларды бір станциядан екіншісіне жіберу</p>	<p>Станция жұмысының технологиялық картасының ерекшеліктері және станцияның техникалық-басқарушы әрекеті. Вагон топтарын ажырату, тіркеу немесе ауыстыруды талап ететін транзиттік пойыздармен маневрлі жұмыстар жасау. Вагондарды тіркеу және ажырату тәртібі, тежегіш тармақты жалғау, оларды тексеру. Басты жолға шығу және оларды қиылыстыруға, аралық жолға және еңіске кіргізуге байланысты маневрлер. Аралық станциялардағы құрастырушы бригаданың жұмыс ерекшеліктері.</p>
			<p>Темір жол көлігін техникалық пайдалану ережесі және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін</p>

3-1)	<p>Еңбек қорғау талаптарын орындау, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау, жылжымалы құрамның амандығын сақтау үшін қойылған міндеттердің орындалуына шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет</p>	<p>Еңбек қорғау, қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының орындалуын, жылжымалы құрамның және жүктің аман болуын қамтамасыз ету</p>	<p>нұсқаулықтар. Әр түрлі жағдайлар жұмыс істеу ерекшеліктері (қысқы кезеңде, түнгі уақытта, қолайсыз табиғи жағдайларда және т.б.). Ауқымы кіші орындарда маневрлі жұмыстарды орындау. Темір жолдың негізгі элементтері. Жолдың жоспар мен пішіні. Жылжымалы құрам мен вагондардың жақындау ауқымы және құрылысы туралы ұғым. Жол белағаштары арасындағы қашықтық. Сигнал беру және байланыс жүйелерінің құрылысы мен құрылғылары. Сигналдар және оны талаптарын орындау. Байланыс түрлері: телефон, радиобайланыс, дауыс зорайтқыш парктік хабарландырушы құрылысы және пайдалану тәртібі. Электрмен жабдықтау құрылғысының құрылысы. Өндірістік қауіпсіздікті жалпы талаптары, еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау ережелері мен нұсқаулықтары. Өндірістік жарақаттану және оның профилактикасы. Маневрлік жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы талаптары. Станция аумағына және өндірістік ғимараттарына күтім жасау. Өр қауіпсіздігі. Электр қауіпсіздігі. Радиобайланыс, парктік байланыс арқылы жұмыс барысындағы сигналдар, командалар және хабарландырулар</p>
	<p>Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, алғашқы көмек көрсету бойынша міндеттердің орындалуына шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет</p>	<p>Жарақаттанғандарға алғашқы көмек көрсету</p>	<p>Жарақаттанғандарға алғашқы көмек көрсету тәртібі мен ережесі</p>
	<p>Маневрлік жұмыстарды аяқтау және кезекшілікті тапсыру кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске</p>	<p>Маневрлік жұмыстарды аяқтау</p>	<p>Станцияның техникалық-басқарушы актісі, станцияның технологиялы жұмыс істеу үдерісі. Технологиялы</p>

асыру бойынша
орындаушылық қызмет

құжаттаманы толтыру. Кезекшілік
тапсыру тәртібі.

6-Кесте. СБШ 3-деңгейі пойыз құрастырушысының құзыретіне қойылатын талаптары

Міндеттердің шифры	Жеке және кәсіптік құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
2-1)	Құрастыру-ажырату бойынша қойылған міндеттердің орындалуына шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Вагондар мен құрамдарды сұрыптау төбешігінде және жанама жолдарда құрастыру-ажырату бойынша операциялар	Техникалық пайдалану ережесі, сигнал бе жүйесі бойынша нұсқаулық. Пойызда туралы жалпы мәліметтер, сонымен бірі пойыздарды құрастыру жағдайы бойынш топтастыру. Қатынау жолдарындағы пойыздардың массасы мен ұзындығыны өзгерістері. Пойыздардың массасы ме ұзындығы, пойыздарды нөмірлеу. Вагонд мен контейнерлердің құрылысы турал жалпы мәліметтер. Вагон түрлері. Вагондардағы белгілер мен жазбалар Арнайы жылжымалы құрам. Вагон құрылысы туралы жалпы ұғым. Автотіркегіш жабдықтың құрылысы жә оның бөліктерінің міндеті. Вагондард тіркеу аппаратының жұмысын тексеру Вагондардың шартты ұзындығы. Қозғал кауіпсіздігіне қауіп төндіретін вагондард негізгі ақаулары. Пойыздарды құрастыр және ажырату уақытының нормалары Сұрыптау төбешіктерінің құрылысы. Құрамның жылжу жылдамдығы. Вагонд мен тіркемелердің қозғалу сапасы. Сұрыптау қағазы және оның белгілемес Сұрыптау паркінің жолдарында пойыздарды құрастыру туралы ұғым Ерекше тарату талабы қойылатын вагонд Төбешік циклы. Маневрлерді орында тәсілдері. Келіссөздер регламенті. Сұрып жолдарының жоспары және пішіні. Жүк ашық жылжымалы құраммен тасымалда Ауқымы кіші жүктерді тасымалдау. Кіп ауқымдылық деңгейі. Ауқымы кіші қауіп жүктермен жұмыс істеу тәртібі. Вагондар пойызға орнатудың жалпы талаптары Жолаушылар және жүк пойыздарыны вагондарын орналастыру. Пойызға қауіп жүгі бар вагонды орналастыру. Ауқым кіші жүгі бар және транспортерде тасымалданатын жүгі бар пойыздард құрастыру. Пойыздарға арнайы жылжымалы құрамды және локомотивтер орналастыру. Жүкті әскери күзет нарядымен күзету. Пойыздарды тежегішп жабдықтау. Пойыздарды құрастыру жә

ажыратуды диспетчерлік басқару. Құрамд а жыратуға дайындау. Құрамды жөнелтуг дайындау.

Темір жол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару кәсіби стандартына

3-қосымша

1-Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

«Қызметтердің жіктеуіші» 01-99 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші (ҚР МЖ 01-99)	
Базалық топ	7511
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	-
БТБА бойынша кәсіп	Станциялық орталықтандыру бекетінің кезекшісі
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары
-	-
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
-	-
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
4	4

2-Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Темір жол станциялары
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Қозғалыстағы жылжымалы құрам, көлік құралдары механизмдер; жұмыс орнының жер бетінен биіктікті орналасуы; жоғары шу деңгейі; жоғары вибрация деңге жұмыс аймағының өте шаң-тозаңды болуы және ауаны газдануы; жұмыс аймағы ауасының жоғары немесе төм температурасы; ауаның шамадан тыс ылғалдығы жән қозғалмалылығы; электр өрісінің жоғары кернеуліліг статикалық электр қуатының жоғары деңгейі; тәулікт қараңғы кезіндегі жұмыс аймағының жеткіліксі жарықтандырылуы; физикалық артық жүктеме; пойы қозғалысы кезінде темір жолдарда жұмыстарды орынд барысындағы жүйке-психикалық жүктемелер; қауыр және ауыр еңбек.
	Жұмысқа қабылданатын ең төменгі жас мөлшері: 18 ж Ер адам істейтін жұмыс, себебі төзімділікті, күш денсаулықты, дене күшін талап ете. Медициналық шектеулер: Қазақстан Республикасыны

Жұмысқа рұқсат берудің ерекше шарты	з а н д а р ы Жұмысқа рұқсат беру: дәрігерлік куәландырудан өткіріспе және алғашқы нұсқамадан өту, оқу және сынақ тапсыру, сынақ мерзімінен өткізілуіне қатысты талаптарды орындау және жұмыс тәртібі: дала Еңбек және демалыс тәртібі: сағат 9-дан 21-ге дейі күндізгі ауысымда, одан кейін сағат 21-ден 9-ға дейі түнгі ауысымда және 48 сағат демалыс бойынша	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білімі және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
4	Орта кәсіптік (техникалық) білім	Еңбек өтіліне талап қойылмайды

3-Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктері тізімі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек функцияның №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Пойыз қозғалысын ұйымдастыруға және маневрлік жұмыстарға дайындық. Пойыз қозғалысын ұйымдастыру бойынша жұмыстарды және маневрлік жұмыстарды жоспарлау
2	Бекітілген аудан шегіндегі станцияларда пойыз қозғалысын ұйымдастыру және маневрлік жұмыстарды орындау, қолданыстағы нұсқауларды, нұсқаулықтарды, ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтарды орындай отырып басқару.
3	Қозғалыс қауіпсіздігін, тасымалданатын жүктің сақталуын және еңбек қорғау талаптарын орындауын қамтамасыз ету. Істелген жұмыс туралы есеп беру және кезекшілікті тапсыру даярлық.

4-Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктері тізімі (функционалдық карта)

Еңбек функцияның №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Жылжымалы құрам, сұрыптау төбешігі, жанама жолдар, жолды бұру тетігі, сигнал беру, орталықтандыру және блокадалау құрылғылары	Пульт-табло, компьютер мен ұйымдастыру техникасы, радиостанция, шам, жалауша күрделі, дауыс зорайтқыш байланыс жүйесі, телефондық байланыс құралдары, аспалы құлыптар және олардың кілттері, тежегіш башмақтары, күнделікті журнал және өзге де техникалық құжаттама	1-1) Кезекшілікті қабылдап алу. Темір жолдағы және пойыз жағдайларымен таныс Қатаң есептегі мүліктің есебін, вагондарды жолдарға бекітілуін, пульт-таблонның, сигнал беру құрылғыларының, орталықтандыруды блокадалау және байланыстың дұрыс жұмыс істеуін, басқару пультіндегі пломбаны радиостанцияны, арнайы құрал-жабдықтарды және техникалық құжаттаманы тексеру. 1-2) Алдағы жұмыстардың жоспар-тапсырмасын алу 1-3) Тасымалдау үдерісіне қатысатын қызметкерлердің жоспарымен танысу және оларды станцияның қызмет көрсетілетін ауданына орналастыру.

